

**Қалшабек А.Б.,\* Омаров Н. Қ., Шәріп С.Н.**

филолог.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

филолог.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

«Филология» факультетінің 6М020500 - Филология мамандығының 2 курс магистранты

М.Әуезов атындағы ОҚМУ. Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР  
(1917-1920 жылдар)**

Автор корреспондент: [kalshabek\\_akjol@inbox.ru](mailto:kalshabek_akjol@inbox.ru)

**Түйін:** Мақалада М.Әуезов өмірінің семейлік кезеңі, оның ішіндегі сол кезеңде жазған мақалаларындағы көтерілген мәселелері сөз болады. Мақала тек қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов замандастарының мақалаларындағы көтерген мәселелерді зерттеумен шектелмей, сол кезеңдегі көршілес ресей ақын-жазушыларының да мақалаларымен салыстырыла қаралады.

Мақала авторы М.Әуезовтің көтерген мәселелерін екі топқа топтастырып, олардан бүгінгі жай-күйіне де тоқталады. Бірі бүгінгі күнге дейін шешімін тапқан, екіншісі шешімін таппаған мәселелер. Осы екі топтың ішінен дін, оқу, билік, әйел теңдігі секілді мәселелер топтастырылған.

Әдебиеттану саласындағы ғылыми еңбектері турасындағы сөз тағы да тым бөлек. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында жазылған ғылыми еңбектеріне бүгінгі күннің ғалымдары да сүйеніп, М.Әуезов қаламынан туған ойларды дамытып келеді. Жазушының «Абайтану» еңбегінің өзі бүкіл әдебиетіміздегі тұтас институттың іргетасын қалады

**Кілттік сөздер:** қазақ журналистикасы, М. Әуезов, Жапония, Алаш зиялылары, дін, оқу, билік, әйел теңдігі, ақын-жазушылар, Абай, Семей, Семейлік кезең, Абай жолы, қызыл өкімет, Кеңестік реализм, Ж. Аймауытов, Елес, Акутагава, мешеулік.

**Кіріспе**

«Зады, бірегей тұлғаларға, бірегей кітаптарға сын есім жүрмейді», – дейді А.Сүлейменов. [1;48] Расы солай. Өзінше із қалдырып, өзгеше құбылыс тудырған тұлғаларға қай атағың да жеткіліксіз. Оларға «атақты», «танымал», «бірегей» тіпті «Ұлы» деген сұлу сөздердің өзі жүре қоймасы анық. Сондай сын есім жүрмес тұлғалар бірі М.Әуезов екеніне дау жоқ.

Жазушының көркем шығармалары бір төбе болғанда, ғылыми еңбектері бір төбе. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат» секілді тырнақалды туындылардан басталған көркем шығармалары бүгінгі күнге дейін қазақ оқырманының қолынан түскен жоқ. Ал «Абай жолы» болса қазақтың Бас ақынын қазаққа таныстырып қана қоймай, бүкіл қазақ тілінің көркемдік этолына айналды.

Әдебиеттану саласындағы ғылыми еңбектері турасындағы сөз тағы да тым бөлек. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында жазылған ғылыми еңбектеріне бүгінгі күннің ғалымдары да сүйеніп, М.Әуезов қаламынан туған ойларды дамытып келеді. Жазушының «Абайтану» еңбегінің өзі бүкіл әдебиетіміздегі тұтас институттың іргетасын қалады.

М.Әуезовтің біз айтқан жазушылығы мен ғалымдығы бөлек қалғанда, журналистігі тағы бір төбе екеніне ешкім шек келтіре алмас деп ойлаймыз.

«Дәуірлер ауысқанда өмір сүр». Бұл қытай халқының ең ауыр қарғысы. Қайдан екені белгісіз, бірақ ХХ ғасыр басында қазақ даласына осы қарғыс айтылғандай. Бәлкім нәубеттің қалың көрпесін қазақ халқы деп өзімізге тартып алып отырған шығармыз, бірақ патшалық өкіметтің құлап, қызыл өкіметтің қаһарына мінгеннен қазақтан артық нәубет көрген халық жоқ. Мұны тарихи деректер әбден дәлелдейді.

Халқының басын шыр айналдырарын білгендей, осы тұста қазақ топырағында дарындар көп туды. Олар жоғарыда айтылған қытай қарғысының қарымтасындай еді.

«Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам.

Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда, кім болам? – [2; 87]

деп Сұлтанмахмұт Торыайғыров келді.  
«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», – деп Әлихан Бөкейханов келді.

Мысалы қазақ - малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды бәле делік аңдып баққан.  
Оның түрін көрген мен - Сарымаса,  
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан, – [3;137]

деген жолдарын өзіне ұран етіп, маса болып, халқын ызындап оятуға Ахмет Байтұрсынұлы көтерілді тарих сахнасына. Осы келген бір шоғыр зиялы қауым ішіндегі ең жасы және бүкіл қазақ нәубетінің сырын, ішкі, көзге көрінбес мәселелерінің бәрін түсіндіріп берген Мұхтар Омарханұлы Әуезов журналистикадағы жолына «Адамдық негізі – әйел» деп келді және осы сөзін өз шығармаларында толықтай дәлелдей алды.

Мұхтар Әуезов ардың ісіне, әдебиетке араласқан тұс қазақ қоғамындағы үлкен өзгерістер кезеңі болатын. Осы өзгерістердің барлығы дерлік жазушының көз алдынан өтті. Өйткені, қазақ даласында ХХ ғасыр басындағы мәдениеттің де, өркениеттің де дамыған орталықтарының бірі Семей қаласы болды.

М.Әуезовтің қоғам өмірінің дамуына негізделген әр салада қызмет етуі бұған дейін де назардан тыс қалмаса да, түбегейлі зерттеу нысанасына айналмаған еді, бүгінде ұлы жазушы шығармашылық өмірбаянын жасауда Семей кезеңінің тиянақты зерттелуінің қажеттілігі артып отыр.

Мұхтар Әуезов шығармашылық өмірбаянының Семей кезеңін зерттеудің айырықша маңыздылығы құнттала қарастырылып, аталмыш кезеңнің жазушының өмір жолында алатын орнын ашып, талдап шығуға тырыстық. Өйткені бұл кезең жазушының болашағының іргетасын қалаған кезең еді. Оның тырнақалды туындылары осы Семейде жазылып, алғашқы мақалалары жарық көрді.

Кемеңгер жазушының өмірдеректерін сүйенер болсақ, ол Семейге он жасында келген. 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесіне түскен күннен бастап өмірінің 14 жылы осы қалада өтті деуге толық негіз бар. 1908 жыл мен 1922 жылдар арасы. Ал қазақ даласындағы, бүкіл Ресей патшалығы территориясындағы үлкен өзгерістер осы жылдары болып өтті емес пе? Қазақ даласының сол кезеңдердегі рухани орталықтарының бірі саналатын Семей қаласына бұл өзгерістер мен жаңалықтардың соқпай өтуі мүмкін емес. Сондықтан, осы тарихи оқиғалардың барлығының дерлік төңірегінде М.Әуезов жүрді.

Жас Мұхтардың медіреседен кейін 1909 жылы қалалық бес кластық орыс училищесінде оқуына орысша хат танып, қалаша киінетін Қасымбектің әсері орасан. Осы жайттарға қарағанда Қасымбек жаңаша жақсы сауаты бар, заман орысқа ауысқанын іштей бағамдай білетін көзі ашық адам. Осы бес кластық орыс училищесінде оқып жүріп бала Мұхтар «Дауыл» деп аталатын тұңғыш шығармасын жазған.

««Дауыл» — Мұхтар Әуезовтің тұңғыш әңгімесі. Қолжазба күйінде қалған. Түпнұсқасы сақталмаған, ешқандай баспасөз бетінде жарық көрмеген. Әдебиет пәнінің мұғаліміне еркін тақырыпқа жазылған шығарманың орнына ұсынған. Тақырыбы «Менің өмірімде болған бір оқиға» деп аталады. Шағын суреттеме орыс тілінде жазылыпты. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынадай: Жаз. Жайлау. Ауыл. Мәре-сәре болып дуылдасқан ауыл адамдары. Бала-шағалар да маз-мәйрам. Кенет ауа тымырсықтанып, аспан демін ішінетарта қалады. Батыстан қара бұлт түйіліп келіп, оқыстан дүрілдете соққан дауыл ауылдың астан-кестенін шығарады. Киіз үйлерді жел ұшырып әкетеді. Қазан-ошақтар төңкеріліп, айнала тып-типыл болады. Улаған-шулаған ел. Жылаған бала. Маңыраған қозы, мөніреген бұзау, айғайлаған кемпір-шалдардың дауысы. Азан-қазаны шыққан

ауылдың арпалысы дауылмен қоса басыла қалады. Тып-тыныш. Ешкімнің үні естілмейді. Әр жерде шашылған заттар. Бұтаның бастарына ілініп қалған әйелдердің жаулықтары. Аударылған киіз үйлер. Бос қалған көгендер. Әр жерде әркімдер өздерінің дауыл шашып кеткен заттарын жиып жүр. Ешкім де сөйлемейді. Бұл тырнақалды шығарма Мұхтар Әуезовтің болашақтағы «Қыр әңгімелері» мен «Қыр суреттеріндегі» табиғат көріністерін еске түсіреді». [4; 196]

Бұл әңгіме шамамен 1912-1913 жылдары жазылса керек. Олай дейтініміз, әңгіме ауанынан саясылық байқалады. Егерде, детально талдар болсақ мамыражай күн кешіп жатқан ауыл өмірін орыс отарлаушылары келген кезеңге дейінгі қазақ ауылы деп қарауға болады. Осы сәттегі дауыл алдындағы тыныштық – халықтың белгілі бір жаудан сескенген, сол жаудың ерте ме, кеш пе келерін ұғынған кезеңі. Одан кейінгі басқа тұстан емес, дәл батыстан қара бұлт түйіліп келіп, оның арты дауылға айналуын орыс отарының келуі деп түсінуге болар.

Белгілі бір деңгейде бұл дауыл қазақ ауылының жойқын соққыға дайын емес екенін аңғартқан. Өйткені, үй ішіндегі заттардың, тіпті әйел орамалдарының ұшып кетуі қазақ меншігінің аса қорғалмауының айғағы. Осылай М.Әуезов батыстан, орыстан келген қасіретті тырнақалды туындысымен суреттеп шыққан. Яғни, жазушы алғашқы қолына қалам алған күннен бастап қазақты етең-жеңін жинауға шақырған. Дауыл астында қалған ауылдың жай-күйін суреттеу арқылы, бүкіл қазақ топырағының қасіретін жеткізген. Сонымен, жазушының орыс саясатына қарсылығы осы Семейлік кезеңнен, тұңғыш әңгімесінен басталған деген қорытынды айтқымыз келеді.

Бұл әңгіменің астарында шынында да осы тектес саясылық жатқан болса, бұл М.Әуезовтің алғашқы саяси көзқарастарының қалыптаса бастаған кезеңдері болса керек. Яғни, шамамен 15-16 жас. Бұл бізге «Дауыл» әңгімесінің 1912-1913 жылдары жазылғаны туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Әрине, «бұл әңгімеде саяси астар жоқ» деген де пікір болуы ықтимал. Бірақ, М.Әуезовтің жәй ғана ауылға дауыл соққанын бейнелеуі мүмкін емес. Өйткені, бұл шағын әңгіме орыс тілінде жазылған. Яғни, бұл кездерде орыс тілінде еркін жазуға қабілетті Мұхтар орыстан шыққан И.Тургенев, Ф.Достоевский, Л.Толстой сынды жазушыларды оқымауы мүмкін емес. Ал бұл жазушылар, әсіресе И.Тургенев саяси астарда жазудың шебері екені баршаға аян.

Сонымен 1915 жылы М.Әуезов қалалық бес кластық училищені аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда Ж.Аймауытовпен бірге оқиды. Екі алыптың бір оқу орнында оқуы екеуінің де саяси және шығармашылық көзқарастарына оң септігін тигізген деп зор сеніммен айта аламыз. Мысалы бір ғана екеуіне де ортақ Жапония тақырыбын алып қарайықшы. Әуезов Жапония тақырыбын публицистикалық тұрғыдан зерттеген болса, Ж.Аймауытов Жапонияның әдебиетіне қатты назар салған. Оның нәтижелері ретінде М.Әуезовте «Жапония» мақаласы дүниеге келсе, Ж.Аймауытовта жапония тақырыбы «Елес» атты әңгімесінің стилінде қалды. Байқасаңыз, Ж.Аймауытовтың «Елесі» Акутагаваның «Диалог в темноте» атты әңгісесінің стилімен жазылған.

Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің пікірлестігі мен сырластығы шығармашылық тұрғыдан осылай бір жалт берсе, екеуінің ортақ ойы әлеуметтік мәселелер төңірегінде де астасып жатты. Оған екі алып қосыла жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы дәлел. Бұл М.Әуезовтің баспа бетіндегі алғашқы мақаласы саналады.

Мақала мазмұны сол кезеңдегі қазақ басындағы бүкіл нәубетке, жаңа қоғаммен өзгеріске ұшырап жатқан мінездеріне алаңдаушылықтан тұрады. Бұл өзгерістер мыналар еді: дүмше молдалар арылы діннің әлсіреуі, қазақ ұйымшылдығының әлсіреуі, билердің әділетсіздігі, пара, партияға бөліну, жаппай халықтың кедейленуі және әйел хәлі туралы. Бірақ авторлар бұл мәселенің барлығын үлкен мәселелердің бұтақтары деп есептеген.

Жалпы М.Әуезов пен Ж.Аймауытов жоғарыда аталған мәселелердің бәрін, жалпы қазақтың мінезінің өзгеруін де екі-ақ нәрсеге әкеліп тірейді. Бірінші, қазақы тіршіліктің өзгеруі.

«Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы нашар болып, мыжғыланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның өсімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір», – дей келіп, одан кейінгі мінездегі өзгерістерді мынаған әкеп тіреген:

«Екінші, сол уақта, өзі сурет ала алмаған бірлікке, қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздың, залымдың, қара бұлттай қоршап, халықты астан-кестен қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай адасып келіп-келіп, түсіп отырған хәліміз, міне – осы күнгі» [5; 20].

Осы айтылған үзінділерден екі автордың да балаңдығы байқалған. Өйткені екі автор да қалаға, отырықшылыққа қазақтың болашағы ретінде қарамай, оны аурудың, әлсіздіктің ордасы деп бағалаған. Дамыған елдердің отырықшы күн кешіп, кәсіп істеп жатқанын сырт айналып өтеді. Жалпы осы қалаға деген қайырымсыз көзқарас тұтас кеңестік әдебиетте суреттелді. Дегенмен мақала авторларының сөзінде зор шындық бар. Қазақты қаланың бұзғаны, аурушаң еткені, мінезін майдалағаны рас еді. Бірақ даму үшін, өркениет көшіне ілесу үшін қаладан қашу мүмкін емес болатын.

Ал, екінші дүние ретінде қазақтың ұйымсыздығының, бытыраңқылығының басында партия тұр деген қорытындыға келген. Бұл сөзінің шын жаны бар еді. Орыс отаршылары бір төбе, ақтар мен қызылдар қақтығысы алдында партия тіптен көбейген болатын. Қазақ әрқайсысына бір кіріп, әрқайсысының жарнасына малын шығындап жатқан.

«Партиядан тарайтын фитнәнің бірсыпырасын айтайық», – дей келіп, автордар болыс болам деп мал шашқан болыстардың оны халықтан қайта қайтарып алуын алға тарта келіп, қазақтың кедейлене бастауын осы партияға әкеп тіреген. Шаруаның қырсығын осы деп тапса, дін қырсығын да осылай сілтейді.

«Қай жұрттың болсын қасиеті уағдашылық, антқор еместік, құдайдың атын жеңілге салмаулық еді. Біздің қазақта аруақ, құдай, ант-иман, құран дегеніңіз бержебайшының ісіндей қадірсіз. Құдайға қылған құлшылық, қайыр-садақа партияның берімсегіне жүріп кетеді. Дінге келген кемшілік осы».

Жалпы бұл мәселелер ХХ ғасыр басында ғана пайда бола қоймаған мәселелер еді және оларды тұңғыш көтерген де М.Әуезов пен Ж.Аймауытов емес болатын. Олар Ұлы Абайдың сөзін әрі жалғап отырғандай күй кештіреді.

«Болыс болдым мінекей,  
Бар малымды шығындап», –  
деген жолдар Абайда да бар емес пе еді. Одан кейінгі дін мәселесін де Абай айтып кеткен.  
«Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз қол емес».[6; 74]

Осылай, ХХ ғасыр басында өмір сүріп жатқан қазақтың қос алыбы, Бас ақынның сыншылық дәстүрін жалғап, ойын жонып отырғандай.

Жалпы бұл мақала М.Әуезовтің кейінгі жазған мақалаларының барлығының аннотациясы һәм кіріспесі секілді. Өйткені осы мақалада шалып-шалып тоқталып өткен мәселелерінің бәріне жазушы кейінгі жылдарда жеке-жеке мәтін арнаған. Даралай зерттеп, зерделеп, оның мәнін ғана емес, мәнісін, шешімін де көрсете біледі.

### **Шешімін тапқан мәселелер.**

«Қазақтың өзгеше мінездері» мақаласынан кейін М.Әуезовтің ең атақты «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы «Сарыарқа» газетінде 5 қыркүйек күні жарық көрді. Дүмше молдалар арқылы, жалпы діннің дұрыс жеткізілмеуінен, көшпенді күн кешкен тұрмыстан қоғамдағы орны төмендеген әйел хәлінің қасиетін, қадірін аңғартқан мақала еді бұл.

«...Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі аларда, ең

әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз... Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен от басынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе?». [5; 23]

Бұл тұста М.Әуезовтің батыс философтарын көп оқығаны аңғарылады. Әсіресе З.Фрейдте осы тектес шешім көп. Оның құдай туралы баянында: «Бала құдай туралы түсінікті ата-анасына қарап қалыптастырады. Тіпті ата-ана бала көзіне құдай секілді көрінуі мүмкін. Өйткені олардың қолынан бәрі келеді», – дейді. Яғни балаға құдайды танытан бірінші әке мен ана. Десек те, баланың ес жиып қалыптасу жолындағы ананың орны орасан екені тағы аян.

Бүгінгі қазақ қоғамында әйел теңдігі, әйелдің орны айқындалып келеді. Оларға деген сыйластық пен сыйлық күшейген. Ауыл іші, ел ішіндегі біршама дөң мінез, дойырлар болмаса, қаладағы қазақтың әйел затына қарауы түзелді. Еуропадағыдай еркектермен тең дәрежеде тұрмаса да, олар бүгінгі қоғамда қазақы ибамен ерінен бір саты өзідері-ақ төмен тұрады. Әрине, бұл салада да бәрі жақсы деп айтуға болмас. Бірақ М.Әуезов аталған мақаласын жазған уақтағыдан әлдеқайда ілгерулеу бар.

Шешімін тапқан мәселелер қатарына М.Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» мақаласында көтерілген мәселелерді жатқызуға болады. Бұл мақала болашақ жазушы қаламынан туған тұңғыш Абай тақырыбына, шығармашылығына бойлаған мақала болса керек. Бірақ ол қазақ арасындағы сол кездегі Абай бейнесін, Абай абыройын дәл бейнелеп жазған. Сөз басында Абай сөзін, өлеңдерін талдап, саралай келіп, Бас ақынымыздың кемеңгерлігіне бір бас иіп алса, соңыра Абайды тану мәселесіне, ел ішінде насихатталу мәселесіне баса тоқталады. Өз заманы тұрғысынан келгенде мақала авторының халқына көңілі тола қоймайды. Білімге, ғылымға сөз ұғыну, білім алып ел көркейту үшін емес, шен үшін ұмсынып жатқандарын көріп қынжылады. Абайды оқымау, оны танымау халықтың надандығынан деген. Дегенмен осы мақаладағы М.Әуезовтің кемеңгерлігін былай қойғанда, сәуегейлігіне, бәлкім сеніміне таңғалмасқа шараң жоқ.

«Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына халықтың ұғымын сүйремек, көпшіліктің қараңғы надандығына қарағанда Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды», [5;43] – дейді. Бүгінгі күні бұл сөздің айқын дәлелін көптеп табуға болады. Абайтану институтының іргетасын М.Әуезовтің өзі қалап кеткенін былай қойғанда, оның қазақтың Бас ақыны аталып, атын білмес қазақ қалмағанын айтпаған күннің өзінде, еліміздің идеологиясына айналған «Рухани жаңғырудың» түпкілікті мазмұны Абайдан екенін ұғынып отырмыз. Яғни Абай өлең жазып қана кеткен жоқ. Ол өз ұлтының тұтас идеологиясын қалыптастырған кемеңгер еді.

Мұнан ары тағы мақала авторы М.Әуезовке сөз берелік.

«Қазақ жұрты кең дала, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы. Сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар — бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындарымен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз». [5;43]

Дәл осы сөздерді оқи отырып, бүгінгі қазақ әдебиетінің жай-күйін қарай отырып, М.Әуезовтің сәуегейлігіне таңданбасқа шара бар ма? Қазақ әдебиеті өткен ғасырдың сексенінші жылдары-ақ әлемдік әдебиетпен иық тірестіре аларлық деңгейге жеткені жасырын емес. Бұл деңгейдің алғашқы кезеңдеріне М.Әуезовтің өзі де куә болып кеткен еді.

Бұл мақалада көтерілген негізгі мәселе әдебиеттің жай-күйі, Абайтанудың мәселелерін көтерген болса, бұлардың бәрі де бүгінгі күні өз шешімін тауып жатқан дүниелер. Әрине А.Сүлейменов айтқан деңгейге жете қойғамыз жоқ. «Қазаққа ес кіргенде, Абай ескіреді» демеп пе еді жазушы.

Көтерген мәселелері бүгінгі күні шешімін тапқан М.Әуезов мақалаларының қатарына «Мәдениетке қай кәсіп жуық» атты мақаласын да жатқызуға болатын шығар. Бұл мақала проблемалық мақаладан гөрі, танымдық мақалаға көбірек ұқсайды. Сонымен қатар бұл дүниеден жас жазушының үлкен ізденістерін байқаймыз. Ол халықтардың тұрғылықты мекеніне, айналысатын кәсібін қарай мінез түзейтінін сөз етеді. Көшпенділердің, отырықшы егіншілердің, балықшылар мен аңшылық тұрмыс кешкен халықтардың кәсіптерінің өз мінездеріне әсерін зерттеген. М.Әуезовтің ойының өсіп, санасының кеңігенін де осы мақаладан анық байқауға болатын шығар. Өйткені алғашқы «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласында қазақтың қалаланғанын кінә ретінде тақса, енді қалалануға М.Әуезов тұрпайы қараймайды. Онысы мақала соңындағы мына сөйлемнен анық аңғарылады:

«Ақыры бұл кәсіптердің бәрін қарап келгенде, мінезге, мәдениеттің күшеюіне біздің кәсібімізден қолайсыз кәсіп жоқ». Расы да солай еді. Күн ұзақ мал соңында жүрген адамның ғылымға дендеуіне жол болсын?!

Ары қарай М.Әуезов халыққа бағыт сілтей қоймайды. Бірақ сөз ауанынан оның отырықшылаққа қарай бағытталу керек екенін меңзеуін аңғаруға болады. Оның үстіне отырықшылық, қалалану қазақтың бұл кездегі қашып құтылмас дүниесі екенін жас жазушы анық сезген еді.

### **Шешімі әлі табылмаған мәселелер**

М.Әуезовтің 1917-1920 жылдар аралығында жазған мақалаларындағы көтерілген мәселелердің әлі шешімін таппағандары, шешімін тапқандарынан бірнеше есе көп десе де боларлық. Мұны қазақтың өз билігінің өзінде болмауына, бүгінгі жүйенің осалдығына да жабуға болатын шығар. Бірақ пайда не? Бары – бар, жоғы – жоқ.

Бүгінгі таңдағы қазақ оқырманының, жаңа дайындалып жатқан мамандарының, тіпті мектептердің өзінде бірізділік жоқ екені күнде айтылып жүр. Мектепте биылғы оқыған кітаппен ендігі жылы оқымайды. Жоғары оқу орындарында базалық пәндер азайып, элективті пәндер қатары көбейген. Сондықтан жоғары оқу орнынан шыққан мамандардың білімі мен сапасы біркелкі емес. Және ең сорақысы сол, қазақ тілінің ғылыми тілі толық қалыптасқан жоқ. Бүгінгі күнге дейін азулы ғалымдар ғылымнан қазақ тілінің шеттетілуімен күресіп келеді. Күресіп келеді. Бірақ ғылымды қазақ тілінде оқытайық дегендердің қолында бірізді жасалған тіл де жоқ. Құрал да жоқ. Біздің күйіміз қазір бұтаққа отырып, өзі отырған бұтақты аралап отырған Қожанасыр кейпінде. Өлсек осы өз тіліміздегі жүйесіз, қалыптаспаған ғылыми тілімізде өлейік деп отырғандаймыз.

Әрине, әдебиеттің, жалпы гуманитарлық бағыттың өз тілі бар десек те болады. Одан кенде болып отырғамыз жоқ. Тек технократтық тіл жеткізбей келеді. Мектеп бағдарламасындағы бір термин, жоғары оқу орнында өзгеше аталады. Сонымен түсініспеушілік туындайды. Бұл түсініспеушілік онсыз да техникалық ғылымдарды түсінбейтін студентті құрдымға, түсінетін студентті өзге, ғылыми тілі қалыптасқан тілде оқуға итермелейді. Сонымен сорлайтын кім? Халық. Халықтың білімі! Ал сорлаған білім – халықтың болашағының соры.

Кеше көтерілген мәселе емес. М.Әуезов 1918 жылы бастаған тақырып бұл. Оның «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым тілі» атты екі мақаласы да осы бағытта жазылған.

«Қайсысын қолданамыз» мақаласында: «Бұл, ғылым тілі деген мәселе — өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын «шеш» деп, дікілдеп қысатын мәселе. Сондықтан бар қазақтың оқитын баласының бірінің білімін біріне жанастыра, бір жолмен оқытуы керек. һәркім һәр жерде өз машықты жолымен төпей берсе, ол аз күшті ыдыратқан, береке ұйымы жоқ бір оқу болғаны. Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз

машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонан соң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып, бір жағына елігіп, белгілі бір жолға түселік», – деп қазақ алдына мұсылманшылық оқу мен орыс оқуын таңғауға қойса, «Ғылым тілі» атты кейіннен, толыса келгенінде жазған мақаласында: «...Тезірек оқу ісін бір негізге құрып, мұғалімдер, учительдер ғылым тілінің жолында бір-ақ түрлі құралды қолдануы керек.

Биылғы Омбыда болған жастар съезінде де ғылым тілін Европадан алуды қаулы қылып жасаған жобалары: әуелі ғылым тілдерін жеткенше қазақтың өз тіліне аудару керек. Қазақ тіліне аударуға болмаған тілдерге ғана Европадан алу болатын. Жастар съезінің қаулысында қазақ тілінде шығатын журналдарда ғылым тілі деген бір бөлімі болып, сол бөлімге Европа қолданып жүрген ғылым тілдерін әркім өзінше перевод қылып оқушының сынына берсін дескен. Бұл жоба да әркімнің есінде болсын», – деп Еуропалық тілге анық иланады. Бұл жерде мұсылманшылық оқу жөнінде мүлде сөз жоқ. Өйткені бұл кезең қызыл өкіметтің дендеп келе жатқан шағы. Оның үстіне мұсылмандық тілдегі ғылымның Еуропалық тілдегі ғылымнан қалыс қалғанын М.Әуезов зерттей келе толық түйсінген болса керек. Міне ХХ ғасыр басында жасап берген қарапайым қағиданы бетке алып, әлі күнге дейін ғылым тілін толық қалыптастыра алмай келеміз. Жас Әуезов ғылымның аударуға болатын бүкіл тілін аударып, аударма қажет етпейтін, аударылмайтын сөздерді сол тілде қалдыруды ұсынады. Бұл тұста М.Әуезов халықаралық терминдерді меңзесе керек-ті. Осы қарапайым қағида әлі іске аспай келе жатыр. Талпыныстар көп. Біреуінің бүкіл аударымасы жақсы болғанымен, «бояушы бояушы дегенге, сақалын бояпты» дегендей, халықаралық, аударылуы қажет емес сөздерді де аударып кетеді. Ал кейбірінің аудармасын калька деуге толық негіз бар. Мектеп, жоғары оқу орындарының оқулықтарын дайындауда бірізділік мүлдем жоқ. Біріншісін мүлде бөлек ғалымдар жазса, екіншісін тіптен бөлек, бір-бірінің еңбектерімен мүлде таныс емес ғалымдар жазады. ХХ ғасыр басындағы Әуезовтен жеткен, шешімін таппаған мәселелердің бір осы.

«Ғылым» атты мақала өзінше бөлек ой қозғайтын жазушы шығармашылығының бір бұтағы. Мұнда М.Әуезов қазақтың ғылымсыз қараңғылығын, көштен қалғанын сынамайды. Бұл тақырыпта ол әлемдік мәселеге бой созған және ол бойын әл-Фарабидің иығына шығып тұрып созғандай көрінеді. Неге дейсіз ғой. Өйткені «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзді айтқан әл-Фараби емес пе еді. Осы сөзді эпиграф қылып алмаса да, ойында ұстай отырып жазған екі мақаласы болса бірі «Ғылым», екіншісі «Философия жайынан» деп аталады.

«Ғылым» мақаласы қысқа, көп дүниені жалпылай айтқан мақала. Жалпы М.Әуезовтің көп мақалаларына ортақ бір қасиет, ол мақалаларын адамзаттың даму кезеңінен, арғы тарихтан, ғылым тарихынан орағытып бастайды. Оның мақала бастаудағы келтірген мысалдарынан материалистік философтарды оқып, әсіресе Дарвиннің теорияларын көптеп зерттегені анық аңғарылады. Мысалы «Ғылым» атты мақаласы былай басталған: «Адам баласының ақылының ғылым жолындағы тарихын қараған кісіге белгілі: әуелі адам жыртқыш хайуандар жәрежесінде жүріп, өмірлік мақсаты – ішпек, жемек, жылы-жайлы жерде жан тыныштық қылып, қайраты мол аңдардан қашып-пысықанды айла қылып, күндік қорегі өлексе, айласыз, айдынсыз, әлсіз, ұсақ аңдар болып жүрген».

Есіңізге ештеңе түсірмей ме? Дарвиннің «Эволюция заңындағы» күшті түр мен әлсіз түрдің қақтығысы осылай басталмас па еді? Жә, әңгіме бұл туралы емес.

«Ғылым» мақаласында М.Әуезов оның тарихы мен даму сатыларын саралай келе, оның адамзаттың абзал армандарынан тыс қолданылып жатқанына тоқталады. Бүкіл табиғаттың тілін түсіндірген ғалымдардың ақ еңбегін өзінің қара ниеттеріне пайдаланып жатқандар туралы ой тастайды. Негізінен бұл тұста жазушы Бірінші Дүние жүзілік соғысты меңзеп отырса керек.

«Қазіргі адам баласының наданын былай қойып, білімдісін алғанда, ғылымның

жолына түсінген жоқ деуге болады. Түсінген жолдары тән рахаты, нәпсі құмарлығы, өмірдің ғана керегі. Бұл – ескі бабалардың өмір қалпы. Шын ғылым жолына түсінсе, шын көздеген мақсаты – адамдық, ақтық болар еді», – дей келе М.Әуезов мақаласын ғылымның адамды жақсылыққа бастайтынына сеніммен аяқтайды.

Ал «Философия жайынан» атты мақаласы осы мақаланың дамытылған түріндей. «Ғылым» мақаласында жалпылама айтылған дүниелер ішінен философияны бөліп алып, оны ізгілікке бастаушы ғылым ретінде суреттеген.

«...философия – адамшылық жо---лындағы қараңғы қалтарыстарда қол-ға ұстайтын шамшырақ. Адам ба-ласы жан жемісін татпай, өмірдің те-рең мағына, шын мақсатына түсіне алмайды. Дүниауи ғылымдар күн-дік керекті жеңілдетіп беріп, дене тілегін күшейтпек. Бұл ғы-лым--дардың бетінен мағына шы-ға-рып, жанға азық жиып беретін терең ой. Адамның жүрегіне бақыт, ма-хаббат ұрығын орнататын да кө-кірекке сіңген сол толғаулы терең ой. Сол себепті философияның өр-кендеуін ғана тілек қылу керек», – дейді М.Әуезов.

Мұнан асырып түсіндірудің қажеті шамалы. Жалпы 1918 жылы жазған мақаладан-ақ адам деп аталатын жаратылыстың өте нәзік екенін аңғаруға болады. Әсіресе тән құмары жолында адамнан өткен әлсіз жоқ. Әуезов осы мәселенің шешімі ретінде философияны ұсынып отыр. Әлем философиясы бұл жолда өте нақты қадамдар жасады ХХ ғасырда. Бірақ тірелген нүктесі біреу. Ол – гуманизм, яғни батыс философиясы және әлемдік философия шығыстық гуманизмге тоқталды.

М.Әуезов қазақы философия жайында бұл мақалада онша сөз қозғай қоймайды. Бірақ өз жайымызды айта кетуіміз керек. Шынын айту керек, қазақ оқығандары арасында философияға дендеп еніп, оны зерттеп зерделегендер жетерлік. Тек біздің ұлттық философиясыз ақсап тұрғандай. Әлеммен таныстық. Батысты оқыдық. Шығысқа бой ұрдық. Бірақ сыртында бадырайып «Қазақ философиясы» деген кітапты, көңіл толарлық еңбекті әлі күнге қазақ оқырманы қолына ұстап көрген жоқ. Әрине, қазақта дүниенің ілімін, сырын таныын деп отыра қалып жазған философ жоқ. Бірақ біздің әлемде жоқ поэзиямыз бар еді ғой. Түркі заманынан басталатын, орта ғасырларды көктей өтіп, кешегі Абай бір түйіндеп берген ой маржандары бар емес пе? Одан бері Шәкәрім философияға шын еңбек сіңірсе, олардың соңын ала М.Әуезов, М.Жұмабаевтар келген еді. Енді осы ой маржандардың барлығына қазақтың мақал-мәтелдерін, жалпы фольклорын қосыңыз. Осылардың барлығын ой елегінен өткізіп, тұтастырып қазақы философия қалыптастыруға шикізат жетерлік. Бұл істелмеді. Өкінішті. Өйткені қазақ құрастырылып, ұлттың таным-түйсігін жинақтаған қазақы философия бүгінгі сан тарамға бөлінген діннің қызметін атқара алар еді. Бүгінгі жастар өмір сүру салтын, рухани байлықты діннен іздейді. Іздегенде де аштықпен қомағайлана ұмтылады соған. Бірақ олар ұмсынған діннің дұрысы бар, бұрысы бар. Қазақы танымға, тұрмысқа, салтқа сәйкес келмейтіні тағы бар. Ал жастарды тәрбиелеуде біз дінге альтернатива ұсына алмақ емеспіз. Міне, ХХ ғасыр басында көтерілген мәселенің дұрыс орындалмауынан ХХІ ғасыр ұрпағы опық жеп отыр.

М.Әуезовтің шоқтығы биік, ізденісі мол мақалаларының бірі «Япония» екендігіне дау туғызар ешкім болмас. «Япония» мақаласын жазған кезінде ол небары 20 жастағы азамат. Яғни бұл мақала 1918 жылдары жазылған. Жаңа құрылған қызыл өкіметтің бұл кезеңдерде алыс қазақ жеріне қанды қолы толық жете алмай жатты. Сондықтан болар алғашқы кездерде аталмыш мақалаға аса назар аударылмаған еді. М.Әуезовтің мақаласының мазмұнындағы ойларды Алаш зиялылары ішінен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтар да біршама қозғады. «Неге?» деген заңды сауал туады, әрине.

Бұл сұраққа М.Әуезовтің мақаласынан нақты жауап таба аламыз: «...тарихтың осы айтылған жолы Жапонияға келгенде өзгеше бір рақымдылыққа түсіп, өзі демеп, бойын зорайтып, көркейтп, қалпына бүткіл дүниені әрі шамдандырып, әрі қызғантып, ішін қайнатып отыр.

Жапонияның әуелгі мешеу болып, дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің, өзгенің



не күйде екенін білмей отырған қалпынан шығуына себеп болған нәрсе – өзге Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Жапония надандығымен пайдаланғысы келген қомағайлығы болды», [5]– деп негізгі ойын бастаған 20 жасар М.Әуезов Жапония тарихындағы ең үлкен өзгерістердің бірі – Мэйдзи реформасына кеңінен тоқталады.

«М.Әуезовтің XX ғасыр басында айтып кеткен сөздері, әсіресе «Жапония» мақаласындағы ойлары әлі күнге өзекті» деп жазушының көрегендігін мақтауға болса да, сол кезде айтылған мәселелердің әлі күнге шешімін таппағанына мақтану мен оны сөз ету мүмкін емес.

М.Әуезов Жапония тақырыбын зерттей жүріп өз қоғамының, өз халқының әлсіз тұстарын таныды. Сол олқылықтарды өз шығармашылығында сөз етті. Мәселе көтерді. Жапон халқының дамуына кері әсерін тигізген көптеген қасиеттерді қазақ халқынан да байқап, солардан құтылуға үндеді. Халыққа жол көрсетті. Шын өнер адамының, жалпы әдебиеттің негізгі мақсаты осы емес пе? Бұл тұста да М.Әуезов Хәкім Абайды ұстаз тұтады.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі - жамау, бірі – құрау, – деген жолдарды Хәкім Абай Бұқардан бөлек Зар заман ақындарына кіретін Шортанбай мен Дулаттың өлең құрылысын сынап жазып отыр ма еді? Жок. Ол бұл ақындардың халық басындағы қаралы күйді жырлап, одан шығар жол көрсете алмағанын сынға алған. Міне, М.Әуезов те осылай өнер адамдарының халыққа жол көрсетіп, бағыт сілтеу керектігін білді және сол білгенін іске асыра алды.

1918 жылы «Жапония» мақаласы жазылды десек, М.Әуезовтің сол уақытқа дейінгі ізденістері осы мақаладан көрініс тапқан. Ал «Жапония» мақаласынан кейін оның шығармашылығы барынша күшейді. Өйткені, ол басқа халықтың даму жолын, ескі мешеулігін зерттей жүріп, өз халқының мешеулігін таныған. М.Әуезов жапон халқын, жапон жанын зерттей жүріп, екі халықтың тамырластығын білді ме, жоқ па бізге белгісіз. Бірақ, екі халық бойындағы кертартпа мінездердің біршама ұқсастығына таңырқағаны мақаласынан аңғарылып тұр.

**Қорытынды:** Сөзімізді түйіндей келе М.Әуезовтің 1917-1920 жылдар аралығында Семейде жүріп жазған мақалалары тек ұлттық мәселелерді емес, адамзаттық мәселелерді көтере алған деп толық сеніммен айта аламыз. Оның мақалаларын оқи отырып жас жазушының өсу жолымен танысуға боларлық. Мысалы 1917 жылғы жазылған мақалалары мен 1919-1920 жылдары жазылған мақалаларын салыстыру мүмкін емес. Алғашқы кездегі балаңдық ойлары қалыс қалып, біздің заманымызға жақындай келе сөзі мен мәтінінің жинақталғаны, ойларының дұрыс жеткізілуі һәм көтерген мәселесінің шешімін де айқындап беруі жақсара түскен. Сонымен қатар бергін келе М.Әуезовтің әлеуметтік, қоғамдық мәселелерден, ұлтының мешеулігінен, қараңғылығынан запыран болғаны да аңғарылып тұрады мақалаларынан. Ол әдебиеттің ашық алаңына жол тартып, осы ар ілімі төңірегінде ғана сөз қозғап, әлемдік мәселелерді көтергісі келген. Бірақ көбіне қоғамдық өмір мен саяси мәселелердің етегінен тартқылай бергені қинайтындай.

Біз бұл сөздерімізге жауапты жазушы күнделігіндегі мына жолдардан анық байқаймыз:

«Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім. Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 19-жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты. Ондағы сөздер сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастықтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты».(Қолжазбалар қоры. 382-бума)

М.Әуезов «Абай» журналының тек әдеби бағытта болғанын қалаған секілді. Заманының озық ойлы азаматының бұл бастамасын, қынжылысын түсінуге боларлықтай. Өйткені 1918 жыл еді. Өзі жазушыларын, Толстой мен Достоевскийін сүйіп оқитын орыста бұл кезеңде бірнеше әдеби журнал болған.

«Мир искусства», «Весы», «Лукоморье» деп аталатын журналдардан бөлек, ақын А.Блок бастаған символистердің «Аполлон», символистердің жалғасы болса да, оларға әдебиет айдынында сес көрсете келген Акмеистердің «Гиперборей» атты журналдары шығып жатты. Қазақ топырағында олардың бәрімен танысып отырған М.Әуезовке өз халқының әдеби журналының болмауы қатты батса керек-ті. Бәлкім әдебиетінің дамымай жатқаны батқан шығар. Өйткені орыс халқы бұл кезде символизмді ескіртіп, акмеизм мен Маяковский бастаған футуризмнен сая таппай, модернизмге қарай аяқ басқан болатын. М.Әуезов соларды қуып жеткісі келді ме? Солай секілді. Өйткені, «Абайдың өмірі һәм қызметі» мақаласында өзі айтты емес пе: «Қазақ жұрты кең дала, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы. Сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар — бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындарымен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз». [5;43]

М.Әуезов осы күнге асыққан болар. Бұл әрине, біздің болжам!

### Әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменов А. Болмыспен бетпе-бет. Сын мақалалар, эсселер, сұхбаттар, ой толғамдар, аудармалар. Алматы: Жас қазақ, 2001, 216 б.
2. Торыайғыров С. Шығармалар, 2 томдық, I том. Алматы: «Жазушы», 1967, 218б.
3. Байтұрсынұлы А. Өлеңдер мен көсемсөздер. Алматы: Раритет, 2005, 208 б.
4. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011, 799 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы» баспалары, 2014. I том. Мақалалар мен пьесалар. 1917-1920. 414 б.
6. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. Алматы: Жалын, 1995. 384 б.

**Аннотация:** В статье рассказывается о Семиреченском периоде жизни М. Ауэзова, в том числе о вопросах, изложенных в его статьях. Не ограничиваясь исследованием проблем, высказанных в статьях современников М. Ауэзова в казахской литературе, она сравнивается со статьями русских поэтов и писателей. Вопросы, поднятые автором статьи М. Ауэзовым, сгруппированы в две группы, о том, что они находятся на сегодняшний день. Одна из проблем, решенная до сегодняшнего дня, вторая не решенная. Среди этих двух групп были сгруппированы такие вопросы, как религия, чтение, власть, женское равенство. Мнений о научных работах в области литературной критики различные. Современные ученые, опираясь на научные труды первой половины прошлого века, развивают идеи, созданные М. Ауэзовым. «Абайтану» заложило основы единого института в нашей литературе.

**Abstract:** The article describes the Semirechensk period of M. Auezov's life, including the issues set out in his articles. Not limited to the study of problems expressed in articles of contemporaries Of M. Auezov in Kazakh literature, it is compared with articles of Russian poets and writers. The questions raised by the author of the article, M. Auezov, are grouped into two groups, about what they are today. One of the problems that has been solved up to now, the second is unsolved. Among these two groups were grouped issues such as religion, reading, power, and women's equality. Opinions on scientific works in the field of literary criticism are different. Modern scientists, relying on scientific works of the first half of the last century, develop ideas created by M. Auezov. "Abaytanu" laid the foundations of a single institution in all our literature.